

«Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» ЖШС

**«Орыс тілі және әдебиет пәні бойынша педагогтердің кәсіби
кұзыреттілігін инновациялық технологияларды қолдану арқылы
арттыру»
тақырыбындағы пән мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру
курсының
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Сағат саны: 80

**Тыңдаушылар санаты: орыс тілінде оқытылмайтын
мектептердегі орыс тілі және әдебиет пән мұғалімдері**

«Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» ЖШС

«Орыс тілі және әдебиет пәні бойынша педагогтердің құзыреттілігін инновациялық технологияларды қолдану арқылы арттыру» тақырыбындағы орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиет пән мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курсының ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беру мекемелерінің орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсының «Орыс тілі және әдебиет пәні бойынша педагогтердің құзыреттілігін инновациялық технологияларды қолдану арқылы арттыру» (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беру мекемелерінің қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдерін оқытуды регламенттейді.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасында орта білім беру саласындағы жаңа нормативтік құжаттарға сәйкес орыс тілі және әдебиет сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары мен деңгейін анықтау тәсілдерімен таныстырып практика жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Оқу барысында мұғалімдер бағдарламаның бөлімдерімен танысып оқу қағидаттары және табысты мұғалімге қажетті әдіс-тәсілдер мен дағдылар жан-жақты зерделенеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен айқындалған білім берудің жаңа сапасына көшу қазіргі жағдайда білім беру саласы дамуының басты тенденциясы болып табылады, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Бұл Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесінің кадрлық құрамының жоғары құзыреттерін талап етеді» деп баса айтылған. Қазақстандық мектептерге кәсіби шеберлік деңгейі жоғары, педагогика мен психологияны терең меңгерген шығармашылық әлеуеті жоғары мұғалім керек. Сын тұрғыда ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, кәсіби шебер мұғалім алдына қойған мақсатына үнемі іздену және өзін-өзі дамыту арқылы жетеді.

Бүгінгі күн талабы табысты адам оқыту мен тәрбиелеу, оның білімі мен іскерлігінің түрлері:

- командадағы жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік (айти-құзыреттілік);
- қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б.

Білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет.

Мысалы: әдебиетті оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- көркем шығарма бөлімдерін және оның негізгі идеяларын толықтай түсіну үшін медиаматериалдарды қолдану;

- оқушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану;

- медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, әртүрлі пікірлерді талдау және салыстыру;

- медиақұралдарды қолдана отырып, ғаламдық мәселелерге қатысты тақырыптарды нақтылау және әртүрлі пікір тұрғысынан сыни талдау жасау;

- АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.

Бағдарлама негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып әзірленген:

- ✓ "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–III Заңы,

- ✓ 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293–VI ҚРЗ" педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші,

- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының атауы

- ✓ Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы

- ✓ Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 6 апреля 2020 года №130 «Об утверждении Перечня документов, обязательных для ведения педагогами организаций дошкольного воспитания и обучения, среднего, специального, дополнительного, технического и профессионального, послесреднего образования, и их формы»

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген" Педагог " кәсіби стандартының атауы

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының атауы

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4

мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген педагогтің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары.

2. Глоссарий

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география).

Оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі

Сауаттылық – адамның одан арғы өмірінің дұрыс өрбуінің алғашқы іргетасы, адамның сыртқы ортамен жақсы қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және сол ортада әрекет ете алу қабілеттілігі.

Ақпараттық сауаттылық - көптеген сандық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты тиімді және сыни іріктеп, талдап және құра білу

Білім беру тәжірибесін жобалау - оқытуды құрайтын барлық компоненттерді жүйелі бағдарламалау

Грамматикалық нормалар - нақты бір тілдің грамматикалық ережелері

Кері дизайн (backward design) - оқу әдістері мен бағалау формаларын таңдау алдында мақсат қою арқылы білім беру оқу бағдарламасын әзірлеу әдісі.

Оқу бағдарламасын кері дамыту әдетте үш кезеңнен тұрады: 1) қажетті нәтижелерді анықтау (үлкен идеялар мен дағдылар), 2) қажетті нәтижелерге қол жеткізуді растайтын дәлелдер деңгейін анықтау, 3) нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқу іс-шараларын әзірлеу.

Клише - басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың қаншалықты тиімді екендігін сипаттайтын құзыреттілік. Іс жүзінде, бұл байланыс процесі үшін тікелей маңызды адамға қойылатын талаптар жиынтығы.

Қарым-қатынас дағдылары - қабылдаушы адам ол хабарламаны түсінетіндей етіп, әңгіме барысында немесе жазбаша нысанда өз ойын білдіру қабілеті

Медиасауаттылық - тұрғыдан бағалау, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды салыстыру

Педагогикалық дизайн - (instructional design, instructional systems design) — оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін педагогикалық принциптер мен теорияларды қолданатын білім беру шешімдерін құрудың жүйеленген тәсілі

Шығармашылық - дәстүрлі және қалыптасқан ойлау желісінен өзгеше, айрықша жаңа идеяларды әзірлеу үдерісі

3 Бөлім. Бағдарламаның тақырыптары

№	Дәріс түрі	Мазмұны, тақырыбы	Сағат саны
1	Теория Практика	Орыс тілі мен әдебиеті пәнін жүргізуге негізделген Нормативтік құжаттар. Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері. Орта білім беру педагогтерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер. Семинар - «Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру – жаңа заман талабы». Салыстырмалы-тарихи және әлеуметтік лингвистикалық аспектідегі орыс тілі; Орыс, әлем әдебиеті; Білім беру мекемелеріндегі орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі. Тәжірибелік сабақ: хабарлама, баяндама дайындау, әр түрлі құжаттарға талдау жасау, анықтамалармен, нұсқаулық мәліметтермен, нормативтік құжаттармен жабдықтармен жұмыс істеу, кәсіби жағдайлық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайды талдау, әр түрлі тапсырмалар орындау, эссе жазу	6
2	Теория Практика	Орыс тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда Блум таксономиясын қолдану. Іс-әрекет мақсатының танымдық саласы - мәселені шешуге дейінгі қарастырылған материалдарды есте сақтау және еске түсіру, психомоторлық саласы-қозғалмалы іс-әрекет түрлерін, қоршаған әлемдегі құбылыстарға эмоционалдық-тұлғалық қарым-қатынасты қалыптастыру. Б.Блум таксономиясы бойынша танымдық салада оқу мақсаттарының негізгі категориялары. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану жолдары.	2/4
3	Теория Практика	«Кейс – стади» әдістемесі бойынша оқыту. Кейс – әдісі туралы түсінік. Кәсіби – бағытталған оқу технологиясы ретінде қолдану. Кейс стади әдісін интерактивті әдістің бір түрі - оқу жағдаяттары немесе іскерлік ойын ретінде жүргізудің қажеттілігі.	2/4

4	Семинар - практикум	Орыс тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда қолданылатын интербелсенді әдістеме. Интербелсенді оқыту әрекеттері: пікірталас, іскерлік ойын, жұптық, топтық, ақпарат көздерімен жұмыс жасау. Оқушының өзіндік әрекеттері мен көзқарасын қалыптастыру, ақпаратты өздігінен игеруіне түрткі болу, пікірін жүйелеу, танымдық белсендігін дамыту. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытудың формалары мен әдістері.	6
5	Теория	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жүргізілетін жазба жұмыстарының нормасы. Орта білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде қолданылатын норма көрсеткіші. Оқушы біліміне бақылау, білім деңгейін тексеру. Бақылау, мазмұндама, шығарма, өздік жұмыстарының нормасы, бағалау жүйесі. Кәсіби қызметті сапалы және тиімді орындау, стандартты және стандартты емес кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешу, орыс тілі мен әдебиетін оқыту саласында әлеуметтік және кәсіби кеңістікте еркін бағдарлануға қабілетті жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерді қалыптастыру.	6
6	Семинар - практикум	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша күнтізбелік жоспар құру, мазмұны, тығыздығы. Пән стандарты, бағдарламалары, күнтізбелік жоспардың жасалуы, жазба жұмыстарының жүйеленуі, қосымша әдебиеттерді қолдану туралы..	
7	Семинар - практикум	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша қолданбалы курс бағдарламасын құрастыру, мақсаты, міндеттері. Қолданбалы курстардың пәндік бағдарланған функциялары: базалық және бағдарлы пәндер бағдарламаларын түзу. Жеке тақырыптарды оқытуды тереңдету. Жалпы білімдік бағдарлама аясынан тыс тақырыптарды зерделеу.	6
8	Теория	Әлемдік өркениет және орта мектепте оқытылатын шетел әдебиеті шығармаларында көтерілетін моральдық түсініктер. Орыс әдебиеті пәнінде ұсынылған шетел әдебиеті шығармалары – әлем әдебиетіндегі озық туындылар екендігі. Шетел әдебиеті арқылы моральдық нормаларға, жалпыадамзаттық мәдениетке ұмтылу туралы.	6
9	Теория Іскерлік	Қазіргі сабақ, оның түрлері, құрылымы, талдау жолдары.	4/8

	ойын	Сабақ оқу мен тәрбиенің барлық сұранымдарын білдіретін тұтас жүйе ретінде. Сабаққа қойылатын талаптар. Негізгі дидактикалық талап бойынша сабақтарды бөлу: жаңа материалды оқып үйрену сабақтары, білімді, дағдыны жетілдіру сабақтары, бақылау сабақтары. Сабаққа талдау жасау жолдары.	
10	Практика	Орыс тілі сабақтарындағы жаттығу жұмыстары арқылы оқушылардың біліктілік дағдысын қалыптастыру. Жаттығу жұмыстарының түрі, мазмұны. Теорияны қолдануда жүргізілетін тәжірибелік жаттығу жұмыстары. Оқушылардың дағдысын, біліктілігін қалыптастыру бағытындағы шығармашылық жаттығу жұмыстары.	8
11	Семинар	Жазба жұмыстары арқылы шығармашылыққа баулу. Жазба жұмыстарының түрлері. Тіл ұстарту жұмыстарының түрі, мазмұны, мөлшері. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде шығармашылық жұмыстарды жүргізудің тиімді жолдары.	8
12	Іскерлік ойын	Көркем мәтінді, драмалық шығармаларды талдауды сыни тұрғыдан түсіндірудің кейбір жолдары. Көркем мәтінді оқу жұмыстарын ұйымдастыру. Драмалық туындылардың жанрлық табиғаты, басқа жанрлардан ерекшелігі, оқытудағы қиыншылықтар. Мәтінді, драмалық шығармаларды сыни тұрғыдан түсіндіру стратегиялары. Талдау әдістемелері.	6
		Барлығы	80

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарлама мақсаты: педагогтің орыс тілі және әдебиет сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары мен деңгейін анықтау тәсілдерімен таныстыру, оларды жұмыс барысында тиімді пайдалану болып табылады.

Нормативтік-заңнамалық актілермен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогтердің қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді зерделеу;

«Орыс тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламалары мазмұнының негізін құрайтын принциптер мен тәсілдерді меңгеру бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;

Оқу процесінде заманауи IT-технологияларды қолданудың практикалық дағдыларын дамытуға;

Білім алушыларды тиімді оқыту және оқыту үшін нысаналы қондырғыларды тиімді жүзеге асыруға және қысқа мерзімді сабақ жоспарын жоспарлауға міндетті.

Бағдарламаның міндеттері:

- педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын түсінуді және қолдана білуді қамтамасыз ету
- кәсіби құзыреттілігі мен қызметін нәтижелі қалыптастырудағы көкейкесті сұрақтарды талқылап, оқу барысында рефлексия жасап, топтағы пікірталас пен кері байланысты жүзеге асыру.
- бағдарламаны игеру арқылы оқуда нәтижеге жетуде тиімді әдістерді қолдана отырып, оқу материалдарын іздестірудің ерекшеліктеріне назар аудару қажеттілігін талқылау

Курс соңында күтілетін нәтижелер:

1) білім беру ұйымдарында тәрбие процесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді; білім беру мен тәрбиелеу жүйесін жанартудың қажеттілігі мен өзара байланысын; әлемдік тәжірибе мен білім беру және тәрбиелеуді ұштастырумен байланысты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мазмұнын жетілдіру аясында тәрбие беру бағдарламасының мазмұнын біледі;

2) тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендірудің белсенді стратегияларын, тәрбие үдерісіндегі психологиялық қолдау, қауіпсіз білім беру ортасын құру, зорлық-зомбылықты және өз-өзіне қол жұмсауды болдырмау дағдыларын, тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру жүйесінде күтілетін нәтиже мақсаттарына сәйкес тәрбиеленуші студенттердің деңгейін критериялды бағалау жүйесін қолдана алады;

3) тұлғаның әлеуметтенуінде ақпарат пен білімді өз бетінше алу мен интербелсенді және тәрбиеге бағытталынған дағдыларын, тәуекелдік тәрбиенің жауапкершілікке айналдыру арқылы шешімді өз бетінше қабылдау дағдыларын меңгереді;

4) Түрлі жанрдағы құрамдас мәтіндерге салыстырмалы стилистикалық талдау жасауға арналған тапсырмалар әзірлейді;

5) Тіл білімі салалары бойынша талдау үлгілерін жоспарлай отырып, әдеби тіл нормаларын оқыту әдістемесін құрастырады;

6) Әдебиет теориясын зерделеуде казак әдебиетінің базалық білімдік мазмұнына талдау жасайды;

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульдерден тұрады:

Диагностикалық тестілеу	1-Модульдің оқытылатын тақырыптары бойынша пәндік деңгейін бағалау
Нормативтік- құқықтық;	Орыс тілі мен әдебиеті пәнін жүргізуге негізделген Нормативтік құжаттар. Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері. Орта білім беру педагогтерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер Семинар - «Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру – жаңа заман талабы». Тәжірибелік сабақ: хабарлама, баяндама дайындау, әр түрлі құжаттарға талдау жасау, анықтамалармен, нұсқаулық мәліметтермен, нормативтік құжаттармен жабдықтармен жұмыс істеу, кәсіби жағдайлық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайды талдау, әр түрлі тапсырмалар орындау, эссе жазу Барлығы– 6 сағат
Психологиялық- педагогикалық модуль	Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі – тұлғаның психологиялық саулығының шарты ретінде. Барлығы– 2 сағат
Мазмұндық модуль	Орыс тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда Блум таксономиясын қолдану. Іс-әрекет мақсатының танымдық саласы - мәселені шешуге дейінгі қарастырылған материалдарды есте сақтау және еске түсіру, психомоторлық саласы-қозғалмалы іс-әрекет түрлерін, қоршаған әлемдегі құбылыстарға эмоционалды-тұлғалық қарым-қатынасты қалыптастыру. Б.Блум таксономиясы бойынша танымдық салада оқу мақсаттарының негізгі категориялары. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану жолдары. Салыстырмалы-тарихи және әлеуметтік лингвистикалық аспектідегі орыс тілі; Орыс, әлем әдебиеті; Білім беру мекемелеріндегі орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі.

	«Кейс – стади» әдістемесі бойынша оқыту. Кейс – әдісі туралы түсінік. Кәсіби – бағытталған оқу технологиясы ретінде қолдану. Кейс стади әдісін интерактивті әдістің бір түрі - оқу жағдаяттары немесе іскерлік ойын ретінде жүргізудің қажеттілігі. Орыс тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда қолданылатын интербелсенді әдістеме. Интербелсенді оқыту әрекеттері: пікірталас, іскерлік ойын, жұптық, топтық, ақпарат көздерімен жұмыс жасау. Оқушының өзіндік әрекеттері мен көзқарасын қалыптастыру, ақпаратты өздігінен игеруіне түрткі болу, пікірін жүйелеу, танымдық белсендігін дамыту. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытудың формалары мен әдістері. Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жүргізілетін жазба жұмыстарының нормасы. Орта білім беретін мекемелердегі орыс тілі мен әдебиеті пәндерінде қолданылатын норма көрсеткіші. Оқушы біліміне бақылау, білім деңгейін тексеру. Бақылау, мазмұндама, шығарма, өздік жұмыстарының нормасы, бағалау жүйесі. Жазба жұмыстары арқылы шығармашылыққа баулу. Жазба жұмыстарының түрлері. Тіл ұстарту жұмыстарының түрі, мазмұны, мөлшері. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінде шығармашылық жұмыстарды жүргізудің тиімді жолдары. Көркем мәтінді, драмалық шығармаларды талдауды сыни тұрғыдан түсіндірудің кейбір жолдары. Көркем мәтінді оқу жұмыстарын ұйымдастыру. Драмалық туындылардың жанрлық табиғаты, басқа жанрлардан ерекшелігі, оқытудағы қиыншылықтар. Мәтінді, драмалық шығармаларды сыни тұрғыдан түсіндіру стратегиялары. Талдау әдістемелері. Кәсіби қызметті сапалы және тиімді орындау, стандартты және стандартты емес кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешу, орыс тілі мен әдебиетін оқыту саласында әлеуметтік және кәсіби кеңістікте еркін бағдарлануға қабілетті жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерді қалыптастыру. Барлығы– 48 сағат
Технологиялық модуль	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша күнтізбелік жоспар құру, мазмұны, тығыздығы. Пән стандарты Бағдарламалары Күнтізбелік жоспардың жасалуы

	Жазба жұмыстарының жүйеленуі Қосымша әдебиеттерді қолдану туралы Барлығы– 8 сағат
Вариативтік модуль	Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша қолданбалы курс бағдарламасын құрастыру, мақсаты, міндеттері. Қолданбалы курстардың пәндік бағдарланған функциялары: базалық және бағдарлы пәндер бағдарламаларын түзу. Жеке тақырыптарды оқытуды тереңдету. Жалпы білімдік бағдарлама аясынан тыс тақырыптарды зерделеу. Әлемдік өркениет және орта мектепте оқытылатын шетел әдебиеті шығармаларында көтерілетін моральдық түсініктер. Орыс әдебиеті пәнінде ұсынылған шетел әдебиеті шығармалары – әлем әдебиетіндегі озық туындылар екендігі. Шетел әдебиеті арқылы моральдық нормаларға, жалпыадамзаттық мәдениетке ұмтылу туралы Қазіргі сабақ, оның түрлері, құрылымы, талдау жолдары. Сабақ оқу мен тәрбиенің барлық сұранымдарын білдіретін тұтас жүйе ретінде. Сабаққа қойылатын талаптар. Негізгі дидактикалық талап бойынша сабақтарды бөлу: жаңа материалды оқып үйрену сабақтары, білімді, дағдыны жетілдіру сабақтары, бақылау сабақтары. Сабаққа талдау жасау жолдары. Орыс тілі сабақтарындағы жаттығу жұмыстары арқылы оқушылардың біліктілік дағдысын қалыптастыру. Жаттығу жұмыстарының түрі, мазмұны. Теорияны қолдануда жүргізілетін тәжірибелік жаттығу жұмыстары. Оқушылардың дағдысын, біліктілігін қалыптастыру бағытындағы шығармашылық жаттығу жұмыстары. Барлығы– 16 сағат
	Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде

ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқу, оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде өткізіледі.

Курс өткізуде тәжірибелік сабақтар, демо-сабақтың таныстырылымы, кейс әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу ұйымдастырылады. Тыңдаушының өз бетінше оқуын ұйымдастыруда пән мазмұнын оқытудың әдістемесін жетілдіру дағдысын дамытатын тапсырмалар құрастырылған.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бағалау сабақтың таныстырылымын жасау, қорытынды тестілеу арқылы жүргізіледі.

Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК-не енгізеді.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу процесінде де – қалыптастырушы бағалау, сондай-ақ курс аяқталғаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім мен дағдыларды аралық бақылау және түзету үшін қолданылады. Практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ үзіндісін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау өткен тақырыптар бойынша жүзеге асырылады
Тапсырма үлгісі және тапсырманы бағалау критерийлері

Өздік (практикалық) жұмыстарды орындау критерийлері кестеде келтірілген және студенттерге білім мен дағдының күтілетін деңгейіне нұсқау болып табылады. Қол жеткізілген нәтижелер 25 сұрақтан тұратын тест арқылы бағаланады. Бұл тест студенттердің курс барысында өтілген тақырыптар бойынша теориялық білімдерін тексеруге мүмкіндік береді. Курсты сәтті аяқтау және біліктілік сертификатын алу үшін студенттер тестілеуде кемінде 65% дұрыс жауап жинауы керек, бұл мүмкін болатын 25 ұпайдың кемінде 16 ұпайына сәйкес келеді. Тесттегі әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі. Бұл нақты бағалауға ықпал етеді және тыңдаушыларға олардың нәтижелерін анық көруге мүмкіндік береді.

Тест тапсырып, нәтижелерді бағалағаннан кейін тыңдаушылар кері байланыс алып, білімдері мен дағдыларын жетілдіре алатынын біле алады.

Жиынтық бағалауды сәтті тапсырып, қажетті ұпай санына (65% және одан жоғары) жеткеннен кейін, білім алушылар біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат ала алады.

Бұл бағалау жүйесі курс барысында тыңдаушылардың үлгерімін объективті бағалайды және жетістіктерін жан-жақты өлшеуді қамтамасыз етеді. Олардың жасанды интеллект саласындағы дайындық деңгейін және оның білім беру саласында қолданылуын нақты түсінуге мүмкіндік береді.

№	Қаралатын мәселелер	Сәйкес келеді	Сәйкес келмейді
I	Мазмұнды компонент:		
1.	ОҚҰ перспективалық жоспары мен циклограммасы ұсынылды		
2.	ОҚҰ тақырыбының бағдарламаға сәйкестігі		
3.	Қолжетімділік, анықтық		
4.	Логика және жүйелілік		
5.	Құралдарды ОҚҰ-ға және бақылау объектілеріне орналастырудың табыстылығы		
II	Оқыту және тәрбиелеу әдістемелерін, АКТ пайдалану:		
1.	Сөздік қоры		
2.	Көрнекілік		
3.	Шеберлік және іздеу		

4.	Ойындар		
III	Оқыту және тәрбиелеу түрлері:		
1.	Жеке		
2.	Топтық		
3.	Ұйымдық		
IV	Тәрбиеленушілермен қарым-қатынас және жүріс-тұрыстың жалпы мәдениеті:		
1.	ОҚҰ-да қолдану әдістері мен тәсілдерін білу		
2.	Тәрбиеленушілерге сындарлы кері байланыс беру үшін педагог жасаған жағдайлар		
3.	Жалпы бағалау (қанағаттанарлық, орташа, төмен)		

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: жоспар құру, оқушыға күрделі тақырыпты түсіндіруде іс-қимыл алгоритмін түсіндіру, зерттелетін тақырып аясында оқушыларға арналған тапсырмаларды, жаттығуларды, шағын тренажерларды, тесттерді өз бетінше таңдау, құру.

Жиынтық бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т. б. түрінде жүргізілуі мүмкін. Біліктілікті арттыру курстарында тыңдаушылардың оқыту нәтижелерін бағалау құралдарының бірі бағдарлама модульдері бойынша қорытынды тестілеу болып табылады.

Қорытынды тест тыңдаушылардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша оқыту деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін жабық түрдегі сұрақтар мен дидактикалық тапсырмалар жүйесі болып табылады. Сұрақтар «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәнінің 8 күрделі тақырыбының мазмұнын біркелкі қамтиды.

Тест тапсырмаларының банкі құрылымы

	Негізгі модуль тақырыптарының атауы «Білім беру сапасын арттыру аясында пәндік құзыреттерді жетілдіру»	Сағат саны	Тыңдаушыға ұсынылатын тест сұрақтарының саны	Тест тапсырмалары банкіндегі сұрақтар саны
1	Тыңдалым бойынша әртүрлі мәтіндерді талдау (өмірбаян, жаңалық, сұқбат, нұсқаулық, пікірталас, дәріс, жолдау, т.б.)	8	3	15
2	Айтылым дағдысы: сөйлеу	8	3	15

	мәдениеті және шешендік өнер			
3	Мәтін лингвистикасы. Стилистика. Мәтін талдау (тыңдалым/оқылым)	8	3	15
4	Жазылым дағдысы: Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру. Эссе және креативті жазылым	8	3	15
5	Қазақ тіл білімі салалары мен әдеби тіл нормаларын оқыту	8	3	15
6	Шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдері, талдау, экстенсивті және интенсивті оқу. Әдебиет теориясы	8	3	15
7	Көркем шығарма және әдеби сын	10	3	15
Барлығы:			21	105

Қорытынды тестілеу балдарын бағаларға ауыстыру шкаласы

Баға	Орындау % шектері	Балдар
5	90%-100%	22-24
4	75-89%	18-21
3	50-74%	12-17
2	50% төмен	12 балдан төмен

Бағдарламаның тиімділігін бағалау.

Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалау Томас Гаскидің кәсіби даму тиімділігінің бес деңгейлі моделі бойынша жүргізіледі. Бағдарламаның тиімділігін бағалаудың бірінші және екінші деңгейлері тікелей оқу аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Бағалаудың үшінші, төртінші және бесінші деңгейлері бағдарлама бойынша оқығаннан кейін бір жыл ішінде жүзеге асырылады.

9. Курстан кейінгі қолдау

1. Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары:

- Онлайн конференция Zoom-мен кездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsap желісінде кері байланыс орнату.

2. Ресурстық қамтамасыз ету:

- Қысқа мерзімді сабақтар топтамасының электронды сілтемесі (Әдістемелік нұсқаулық).

3. Педагогтің кәсіби өсу траекториясын қолдау:

- Тыңдаушылардың сабақ өткізу туралы рефлексиялық есептер жинағы (Әдістемелік басылым).
- «Педагогикалық идеялар панорамасы», «Үздік педагог» конкурсы.
- Ғылыми мақалалардағы тәжірибені жинақтау.
- БАҚ-қа мұғалімдердің шеберліктері бойынша мақалаларын жариялау.
- Педагогтің қатысуымен өткізетін тәжірибелік семинар, онлайн семинар, вебинар, шебер сағаттар, пікірталас алаңдар өткізу іс-шараларын жоспарлау.

Курстан кейінгі қолдау

Формат	Жұмыс түрлері	Әдістері
Онлайн (электрондық пошта, бейнеконференция, білім беру платформалары арқылы)	Жеке кеңес беру	Кері байланыс
Офлайн (жеке кездесулер, семинарлар, шеберлік сабақтары)	Топтық талқылаулар	Өзекті мәселелер мен сұрақтарды талқылау
	Тәлімгерлік	Тәжірибедегі нақты жағдайларды талдау және талқылау
	Коучинг	Білімі мен дағдыларын бекіту үшін қосымша тапсырмалар беру
	Вебинарлар	
	Тәжірибе алмасуға арналған онлайн форумдар	

Сонымен қатар орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімінің іс-әрекетін курстан кейінгі қолдау формалары:

1. орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімінің кәсіби дамуының нәтижелерін қолдау;
2. курстарды аяқтағаннан кейін бірінші күнтізбелік жыл ішінде орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімінің кемінде үш өзіндік жұмысын ұйымдастыру және өткізу;
3. біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімдерін, дағдыларын тәжірибеде сәтті қолданатын математика пәні мұғалімдерімен

тәжірибе алмасу, олардың тәжірибесін қоғамда тану (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау) іс-шараларына қатысу үшін тарту;

4. біліктілікті арттыру бағдарламаларын түзету.

Тыңдаушылармен курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыруға арналған байланыс құралдары:

№	Байланыс құралдары
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен тыңдаушылармен әр түрлі байланыс құралдары (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.) арқылы үздіксіз байланысты жүзеге асыру
2	Бірлескен жұмыс үшін «БЖИТО» https://t.me/centrnitBot , https:// center-nit.kz платформасында кәсіби қолдау

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру үшін ресурстық қолдау:

№	Ресурстық қамтамасыз ету
1	«БЖИТО» https://t.me/centrnitBot платформасы, сайты https:// center-nit.kz
2	Электрондық әдістемелік қор

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–III Заңы,

2. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293–VI ҚРЗ" педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші,

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының атауы

4. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы

5. Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 6 апреля 2020 года №130 «Об утверждении Перечня документов, обязательных для ведения педагогами организаций дошкольного воспитания и обучения,

среднего, специального, дополнительного, технического и профессионального, послесреднего образования, и их формы»

6. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген "Педагог " кәсіби стандартының атауы

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының атауы

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген педагогтің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары.

ділет министрлігінде 2018 жылғы 17 шілдеде № 17209 болып тіркелді.

Қосымша әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні бойынша оқушылардың жазылым дағдысын дамытудың жолдары», әдістемелік құрал, Есентаева А.И., Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы қаласы бойынша ПҚБАИ, 2021.

2. Шутова Г. Активные и интерактивные методы обучения: обзор, классификации и примеры. Что такое активные и интерактивные методы обучения на уроке?

Интернет-ресурс:

1. <https://kk.wikipedia>

2. <https://martebe.kz/shy-armany-taldaj-otyryp-debi-syn-zh-ne-jesse-zhazu/>

3. <https://smk.edu.kz/>

5. <https://tbi.kz/ru/>

6. <http://auezovinstitute.kz/kk>